

Қарағанды облысы әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 14/10 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 45/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 10 қыркүйекте № 2737 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 34/14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 23.06.2015 № 34/14 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылдың 18 ақпанындағы № 103 " Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қарағанды облысының әкімдігінің 2014 жылғы 26 наурыздағы "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативін, қолдан ұрықтандыру жөніндегі қызметтерді жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды, сондай ақ асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" № 14/10 қаулысына (2014 жылдың 8 сәуірінде № 2580 болып Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 70-71 (21 705) "Орталық Қазақстан" және 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 63-64 (21 584-21 585) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

нұсқалған қаулының 3 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда м а з м ұ н д а л с ы н .

2. "Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік

мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте осы қаулыдан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын о р ы н б а с а р ы н а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі Н. Әбдібеков

КЕЛІСІЛДІ

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

4 қыркүйек 2014 жыл

Қарағанды облысы әкімдігінің
2014 жылғы 02 қыркүйектегі
№ 45 / 01 қаулысына

қосымша

Қарағанды облысы әкімдігінің
2014 жылғы 26 наурыздағы
№ 14 / 10 қаулысына

3 қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Сала атауы	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидиялау нормативі, теңге	Субсидиялау көлемі	Субсидиялар сомасы, мың те
1	2	3	4	5	6
етті бағыттағы ірі кара мал шаруашылығы	Асыл тұқымды ірі кара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	20 000	5 000	100 000,0
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі кара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	18 000	61 000	1 098 000,0
	Отандық асыл тұқымды ірі кара мал сатып алу	бас	154 000	2 023	311 544,0
	Жалпы табындарда етті бағыттағы тұқымдық бұқаларды күтіп – бағу	бас	104 000	350	36 400,0

	Сыыр етін өндіру үшін мал азығы құнын арзандату	тонна		250	30 000,0
	3 деңгей	тонна	120 000	250	30 000,0
Барлық сома					
Сүтті бағыттағы ірі қара мал шаруашылығы	Асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмысты жүргізу	бас	20 000	500	10 000,0
	Импорнтталған селекциялық ірі қара мал сатып алу (Ресейден, Белоруссиядан және Украинадан әкелінген асыл тұқымды малды қоса есептегенде)	бас	118 000	439	51 802,0
	Сүт өндіру үшін мал азығы құнын арзандату	тонна		8 300	89 500,0
	2 деңгей	тонна	15 000	1 300	19 500,0
	3 деңгей	тонна	10 000	7 000	70 000,0
	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды өтеу	бас	3 678	16 330	60 060,0
Барлық сома					
Етті бағыттағы құс шаруашылығы	Құс етін өндіру үшін азық құнын арзандату			6 300	315 000,0
	3 деңгей	тонна	50 000	6 300	315 000,0
Барлық сома					
Жұмыртқа бағыттағы құс шаруашылығы	Асыл тұқымды тәуліктік балапандарды сатып алу (ақырғы)	бас	50	126 000	6 300,0
	Тағамдық жұмыртқа өндіру үшін азық құнын арзандату			270 000	810 000,0
	1 деңгей	мың дана	3 000	270 000	810 000,0
Барлық сома					
Қой шаруашылығы	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған аналық қой басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	бас	1 500	79 131	118 697,0
	Асыл тұқымды қой сатып алу	бас	8 000	5 786	46 288,0
	қой етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	100 000	1 287	128 691,0
Барлық сома					
293 676,0					

Жылқы шаруашылығы	Асыл тұқымды жылқы сатып алу	бас	40 000	405	16 200,0
	жылқы етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	92 000	1 435	132 000,0
	қымыз өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	60 000	1 300	78 000,0
Барлық сома					226 200,0
Шошқа шаруашылығы	шошқа етін өндіру үшін азық құнын арзандату	тонна	98 000	2 500	245 000,0
Барлық сома					245 000,0
ЖИЫНЫ					3 683 482,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК